«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының «Ақмола магистральдық желі бөлімшесі» филиалы директорының 2025 жылғы 9 қаңтардың №17-НЖС-1 бұйрығына 5-қосымша

Бірыңғай оператор үшін мүліктік жалдау (жалға алу) шартына техникалық ерекшелік

Жалға алушыға қойылатын талаптар:

1) «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы директорының 2023 жылғы 29 желтоқсанындағы №231-ЦЖС бұйрығымен бекітілген Теміржол вокзалдарындағы алаңдарды және үй-жайларды мүліктік жалға беру (жалға алуға) қағидасының (бұдан әрі - Қағидалар) 19-тармағына сәйкес құжаттар тізбесін ұсынсын.

2) конкурсты ұйымдастырушының алдында соңғы үш жылда жалға алынатын объектілер бойынша дебиторлық берешектің жоқтығы туралы қосымша анықтама ұсынылады;

3) теміржол вокзалында коммерциялық қызмет үшін алаңдарды жалға алу кезінде әлеуетті жалға алушыға барлық үй-жайларды бір лотпен жалға алу қажет;

4) Осы техникалық ерекшеліктегі қосымшаға сәйкес Көкшетау вокзалының дәретхана үй-жайларын өз есебінен ұстауға міндетті. Бұл ретте вокзалға жолаушылар/келушілер үшін қолжетімділік тегін негізде берілуі тиіс. Шағымдар түскен жағдайда, оның ішінде жолаушылардан/келушілерден дәретхана үй-жайларының жай-күйіне ескертулерді жою бойынша жұмыстар дереу жүргізілуі қажет.

5) конкурсқа қатысушылар конкурс өткізу басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде конкурсты ұйымдастырушының есеп шотына алаңды жалға алудың бір айлық төлемі (ҚҚС есебімен) мөлшерінде кепілдік ақшалай төлем түрінде конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізеді.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Ақмола магистральдық желі бөлімшесі» филиалының есептік шоты: БИН 020741002822, ИИК KZ256010321000017286, БИК HSBKKZKX «Қазақстан Халық Банкі»АҚ Ақмола өңірлік филиалында.

Конкурс жеңімпазымен шарт жасасу кезінде енгізілген конкурстық өтінімді қамтамасыз ету жалға алушының шартын орындауды қамтамасыз ету болып есептеледі, бұл ретте сомалар айырмасы болған жағдайда, конкурс жеңімпазы алаңды қабылдау-беру актісіне қол қойылған күннен кешіктірмей айырманы енгізуге міндетті.

Әлеуетті жалға алушы енгізген конкурстық өтінімді/конкурсқа қатысу шартын орындауды қамтамасыз ету мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде қайтарылмайды:

конкурстың жеңімпазы ретінде анықталған әлеуетті жалға алушы жалдау шартын жасасудан жалтарған.

6) Атбасар теміржол вокзалында кемінде 99,0 ш.м. көлемінде алаңдардың толтырылуын қамтамасыз ету:

1-қабатта – кемінде 99,0 ш.м.;

Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарын ескере отырып және Жалға берушімен келісім бойынша қосымша алаңның кемінде *(99,0 ш.м.)* толтырылуын қамтамасыз етуге жол беріледі.

7) Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген терроризмге қарсы қауіпсіздік жөніндегі талаптарды, санитариялық, өртке қарсы және өзге де нормалар мен қағидаларды сақтауға міндетті.

8) жолаушылар поездарының қозғалысы мен Атбасар теміржол вокзалының тәулік бойы жұмыс режимін ескере отырып, қосалқы жалға алушылардың сервистік объектілердің жұмыс режимін белгілеуі мен орындауын, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдардың ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес сервистік объектілерге кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуді бақылауды қамтамасыз етуге міндетті.

9) мүліктік жалдау (жалға алу) шарты 7 күнтізбелік жылға жасалады.

Жалдау шартының қолданылу кезеңіндегі ерекше талаптар:

Атбасар теміржол вокзалын жақсарту және дамыту жөнінде инвестициялар салу және шарттың мерзімін өзгерту бөлігінде қосымша ұсыныстар енгізу кезінде ұсыныстарды экономикалық тиімділігі көрсетіле отырып, презентациялық форматта ресімдеу қажет. Бұл ұсыныстарды «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының - "Магистральдық желі дирекциясы" филиалының жеке комиссиясы қарастырады.

Осы Техникалық ерекшелік Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және міндетті түрде орындалуы тиіс.

Техникалық ерекшелікке
қосымша

Дәретхана бөлмелерін жабдықтауға қойылатын талаптар

Әрбір дәретхана кабинасы міндетті түрде жуылатын дәретханалармен, дәретхана қағазы үшін диспенсермен, дәретхана щеткасымен, қоқыс жәшігі немесе пайдаланылған дәретхана қағазы себетімен, келушілердің жеке заттарына арналған ілмекпен жабдықталуы керек.

Бірыңғай оператор жалға берушінің мүлкін, оның ішінде барлық жабдықтарды дәретхананың ыңғайлы қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін тиісті жұмыс жағдайында ұстауы керек.

Дәретханаларда/раковиналарда/цистерналарда және т.б. вандализм, жабдықтың істен шығуы жағдайларына жол берген кезде, бірыңғай оператор осы жабдықтарды қысқа мерзімде өз есебінен ауыстыруды/жөндеуді қамтамасыз етуі тиіс.

Барлық шығын материалдары шексіз мөлшерде тұрақты болуы керек.

Дәретхана жайларында адамның нәжісінің жағымсыз иісі болмауы тиіс, дәретханаларды таза және ұқыпты ұстау керек.

Шығыс материалдарының сапалық сипаттамалары, сондай-ақ барлық жұмыстар Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне және салалық стандарттарына сәйкес келуі тиіс.